

**1.1. «Ақмола облысы білім басқармасы Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША
ЖЫЛДЫҚ ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП**

2025–2026 оқу жылында «Жаңатұрмыс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық ұжымының қызметі білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық сайыстарға қатысу белсенділігін күшейту, сондай-ақ оқу үдерісін терең цифрлық трансформациялау бағытындағы негізгі міндеттерді іске асыруға бағытталды. Әкімшілік бақылау бекітілген Мектепшілік бақылау жоспарына (МІБ) сәйкес жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

I. МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМАНЫ ЖҮРГІЗУ

Оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің №130 бұйрығына сәйкес құжаттамалардың жүргізілуіне жүйелі бақылау жүргізді.

**II. ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ САПАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ
НӘТИЖЕЛЕРІ**

Оқу үдерісі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына толық сәйкес ұйымдастырылды. Мамыр айының соңына қарай барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары толық көлемде орындалды.

Жыл бойы кешенді мониторинг жүргізілді: кіріс бақылауы (қыркүйек), бейімделу кезеңін бақылау (қазан–қараша), жартыжылдық қорытынды бақылаулар (желтоқсан, мамыр), сондай-ақ пәндік апталықтар ұйымдастырылды.

Пәндік циклдер бойынша негізгі нәтижелер:

Бастауыш сыныптар (1–4 сыныптар). Тұрақты нәтижелер көрсетті. 1-сыныпта сауат ашу кезеңінің қорытындысы бойынша (қараша) оқу дағдыларының оң динамикасы байқалды. Оқу жылының соңында 1–2 сынып оқушылары математика пәнінен 100% үлгерім көрсетті. Цифрлық сауаттылық базалық деңгейде табысты меңгерілуде.

Жаратылыстану-математикалық цикл (ЖМЦ). Қаңтар–ақпан айларында биология, химия, физика, математика және информатика пәндерінің оқытылуына жан-жақты талдау жүргізілді. Тапсырмалар құрастыруда жасанды интеллект элементтерінің ішінара қолданылатыны анықталды. Сонымен қатар, 6–8 сыныптарда мәтіндік есептер, алгебралық бөлшектер, графиктер және практикалық бағдарламалау тақырыптары бойынша білім сапасының төмендеуі тіркелді.

Тілдік және гуманитарлық пәндер. Наурыз айында өткізілген қазақ тілі пәні бойынша тақырыптық бақылау нәтижесінде оқушылардың бір бөлігінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларының жеткіліксіз дамығаны, сабақтағы белсенділіктің төмендігі анықталды. Мамыр айында 8 және 10 сынып оқушылары ағылшын тілі пәнінен білім сапасының төмендеуін көрсетті (грамматикалық құрылымдар мен сөздік қорды қолдану деңгейі бойынша).

III. ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді. Олардың жылдық жоспарлары толық көлемде орындалды. Іс-шаралар 1–11 сынып оқушыларын, педагогтер мен ата-аналарды қамтыды. Көпшілік іс-шаралардың өткізілу сапасы жоғары деңгейде бағаланып, оқушылардың танымдық белсенділігінің артқаны байқалды.

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігі

Жетекшісі: Құсайынова Г.Г.

2025 жылғы қазан айында пәндік апталық, 2026 жылғы сәуір айында мектепалды даярлық сыныптарының апталығы өткізілді. Шағын жинақты мектеп жағдайында оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында Lesson Study сабақтар циклі ұйымдастырылды (қараша 2025 ж., сәуір 2026 ж.). Тәжірибе алмасу, оқу-әдістемелік кешендер мен дидактикалық материалдар әзірлеу бойынша аймақтық ZOOM-семинар өткізілді.

Гуманитарлық бағыттағы әдістемелік бірлестік

Жетекшісі: Шарифхаан Ж.

Қазақстан халқы тілдері апталығы, «Сөз өнері» апталығы, тарих және құқық апталығы, орыс тілі мен әдебиеті апталығы, сондай-ақ «Полиглот» көптілділік апталығы ұйымдастырылды. Психологиялық қызметпен бірлесіп қолайлы эмоционалдық ахуалды қалыптастыру мақсатында 2025 жылғы желтоқсанда Психология апталығы өткізілді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы әдістемелік бірлестік

Жетекшісі: Мұратхан Е.

Химия, биология және география апталығы, сынып жетекшілері апталығы, математика, информатика және физика апталығы ұйымдастырылды. Апталық аясында олимпиадалар, турнирлер және бағдарламалау бойынша жарыстар өткізілді. 2026 жылғы мамыр айында ғылыми жобалар апталығы ұйымдастырылды.

Шығармашылық және спорт әдістемелік бірлестігі

Жетекшісі: Абулгазина А.Н.

2025 жылғы қыркүйекте жалпы мектептік Денсаулық күні өткізілді. Дене шынықтыру және спорт апталығы, сондай-ақ көркем еңбек пәні бойынша суреттер мен қолөнер бұйымдарының тұрақты көрмелері ұйымдастырылды.

IV. ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ

Оқу жылына қойылған білім сапасын 65% деңгейінде сақтау мақсаты артығымен орындалды. Жыл қорытындысы бойынша білім сапасы 71%-ды құрап, жоспарланған көрсеткіштен 5%-ға жоғары болды.

№	Қойылған міндет	Нәтиже
1	Мұғалімдерді цифрландыру және ЖИ курстарымен 100% қамту	Барлық педагогтер «Білім берудегі жасанды интеллект» курсынан өтті
2	Білім сапасын 65% деңгейінде сақтау	71% білім сапасына қол жеткізілді

3	11 модератор және 9 сарапшы санатына қол жеткізу	Сарапшылар – 9, модераторлар – 9 (жоспардан 2 адамға кем)
4	Жаратылыстану-математикалық пәндер олимпиадасында 3 жүлдегер дайындау	3 жүлдегер (Жақанова Н. – I орын, Ауғанбайқызы А. – III орын, Серік З. – марапаттама)
5	Ғылыми жобалардың облыстық кезеңіне 3 жобаны шығару	3 жоба жолдама алды (Амерканова Я., Сүлейман А., Исембаева И.)
6	Аудандық дебат қозғалысында жүлделі орын алу	Мектеп командасы II орын иеленді
7	«Дарын» олимпиадалары жүлдегерлерінің санын арттыру	29 жүлдегер дайындалды
8	5 мұғалімнің ОӘК әзірлеуі және сынақтан өткізуі	12 мұғалім аудан деңгейінде ОӘК апробациясынан өткізді
9	Өңірлік аймақтық семинар өткізу	Семинар өткізіліп, 12 тәжірибелік баяндама ұсынылды

V. ОЛИМПИАДАЛАР МЕН БАЙҚАУЛАРДАҒЫ НӘТИЖЕЛІЛІК

Есепті кезеңде мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі 48 зияткерлік сайысқа, олимпиадаға, дебатқа және шығармашылық байқауларға қатысты. Қатысулардың 75%-ы жүлделі орындармен аяқталды, бұл жеке жұмыс жүргізудің жоғары тиімділігін көрсетеді.

- I орын – 11 диплом (22,9%);
- II орын – 13 диплом (27,1%);
- III орын – 12 диплом (25,0%);
- Марапаттамалар – 5 (10,4%).

Байқау деңгейі	Нәтиже саны	Байқаулар мен олимпиадалар
Республикалық	35	«Ақберен», «Тіл – тәуелсіздік тұғыры», «Ақбота», «Bebras», «Зерде», «Кенгуру», «Бояулар құпиясы»
Облыстық	4	«Алтын сақа», «Зерде», орыс тілі пәндік олимпиадасы
Аудандық	5	«Алтын сақа», «Қаржылық сауаттылық», «Бояулар құпиясы»
Мектепшілік	4	Дебат, «Шебер әке», «Алтын түлек», «Әдебиет қаһармандары»

VI. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

1. Lesson Study зерттеу тәжірибесі

Оқу жылы ішінде мектепте Lesson Study тәжірибесі сәтті енгізіліп, тұрақты жүйеге айналды. Оқушылардың дербестік деңгейінің төмендігі мәселесін зерттеу мақсатында үш пәнаралық шығармашылық топ құрылды.

Қорытынды: Lesson Study тәжірибесі педагогтердің зерттеушілік мәдениетін дамытуға және қысқа мерзімді жоспарларды нақты түзетуге мүмкіндік берді. Алайда жоспарларда көзделген жасанды интеллектті қолдану аспектісі есептерде жеткілікті деңгейде көрініс тапқан жоқ.

2. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау

Әдістемелік жұмыс 2025 жылғы 19 желтоқсанда Zoom платформасында өткен «Педагогикалық тәжірибені жинақтау және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу» тақырыбындағы өңірлік семинар төңірегінде ұйымдастырылды.

Нәтижелері: Педагогтер авторлық оқу-әдістемелік кешендерін, дидактикалық материалдар жинақтарын, жаттығулар мен ойын технологияларын ұсынды. Жоспарланған 5 мұғалімнің орнына 12 педагог өз әзірлемелерін аудан деңгейінде сынақтан өткізді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесі өзекті деп танылып, кеңінен таратуға ұсынылды.

3. Жас мамандармен жұмыс және тәлімгерлік

Тәлімгерлік бағдарламасы оқу жылы бойы жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Тәлімгер: Абулгазинова Марсия Аскарловна – бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор, еңбек өтілі 38 жыл.

Жас маман: Жеңіс Жайнагүл – бастауыш сынып мұғалімі, санаты жоқ.

Жыл басында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен сабақ жоспарларын әзірлеуде айтарлықтай қиындықтар байқалса, жыл соңында жас маман құжаттарды өздігінен және сенімді түрде жүргізе бастады. Репродуктивті әдістерді қолдану басымдығы ойын және интерактивті технологияларды тиімді енгізумен алмастырылды. Тәлімгерлік мақсаты толық орындалды.

VII. ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША SWOT-ТАЛДАУ

Күшті жақтары

- Мектеп бойынша білім сапасы 71%-ды құрап, жоспарланған көрсеткіштен жоғары орындалды.
- 1–2 сыныптарда математика пәнінен 100% үлгерім қамтамасыз етілді.
- Олимпиадалар мен байқауларға қатысудың 75%-дан астамы жүлделі орындармен аяқталды.
- Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары артығымен орындалды: жоспарланған 5 ОӘК орнына 12 ОӘК апробациядан өтті.
- Педагогтердің 100%-ы жасанды интеллект пен цифрландыру бойынша курстардан өтті.
- Lesson Study тәжірибесі мен жас мамандарды қолдау жүйесі тиімді жұмыс істеді.

Әлсіз жақтары және даму бағыттары

- 6–8 сыныптарда, әсіресе математика, орыс және ағылшын тілдері бойынша білім сапасының төмендеуі байқалады.
- Облыстық және республикалық деңгейдегі дәстүрлі пәндік олимпиадаларда жоғары нәтижелер жеткіліксіз.
- Жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерінің жарияланымдық белсенділігі төмен.
- Гуманитарлық пәндерде жасанды интеллект пен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жүйелі сипатқа ие емес.
- «Педагог-модератор» санаты бойынша жоспар толық орындалмады.
- Дарынды балалармен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс жүргізу дағдылары бойынша кейбір педагогтерде қиындықтар байқалады.

- Педагог-психологтың біліктілік санаты жоқ.
- Жекелеген педагогтер тарапынан электрондық журналды жүргізу тәртібінің әлсіреуі анықталды.

IX. 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

1. Білімдегі олқылықтарды жою

- Тәуекел тобына жататын оқушылар үшін жеке білім беру маршруттарын әзірлеу;
- 5–8 сыныптарға ерекше назар аудару;
- Мамыр айындағы бақылау жұмыстарының нәтижелерін талдап, күрделі тақырыптарды қайталауға қосымша сағаттар бөлу.

2. Lesson Study мен цифрландыруды ықпалдастыру

- Lesson Study топтарының зерттеу нысанына цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті енгізу;
- ЖИ мен цифрлық білім беру ресурстарын сабақ жоспарлаудың міндетті компонентіне айналдыру.

3. Авторлық оқу-әдістемелік кешендерді дамыту

- Әдістемелік материалдарды мектепшілік сараптау жүйесін құру;
- «Жас ОӘК авторлары мектебі» жобасын іске асыру;
- Облыстық деңгейге шығару үшін тәуелсіз сарапшыларды тарту.

4. Олимпиадалық бағытты жетілдіру

- «Зерде» ғылыми жобаларына мақсатты дайындықты күшейту;
- Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін ерте кезеңнен анықтау жұмыстарын ұйымдастыру.

5. Кадрлық саясат және кәсіби даму

- Педагогтердің аттестаттаудан өту белсенділігін арттыру;
- Педагог-психологтың біліктілік санатын алуын қамтамасыз ету;
- Жас маман Жеңіс Ж.-ге тәлімгерлік қолдауды жалғастыру;
- Электрондық журналды жүргізуге бақылауды күшейту.

Жауапты: Оқу және тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарлары Гоманок И.Г., Кусаинова Г.Т., Бадила С., Шарифхаан Ж.

Мектеп директоры  Д.Жунусова

